

«Астана Медицина Университеті»АҚ
Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы

Презентация

Тақырыбы: Халықтың табиғи қозғалысын талдау

Орындаған: Айдарбекова Н.

Топ: 221 Ом

Қабылдаған: Байгенжеева Р.К.

Астана 2018 ж.

ЖОСПАР:

I.Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Демография
2. Халықтың өсу мөлшерінің өзгеруі
3. Туу көрсеткіштері
4. Өлім көрсеткіштері
5. Өмірдің орташа ұзақтығының көрсеткіштері


III.Қорытынды

IV.Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

- Демография адам популяциясын оның көлемі мен құрылымына сәйкес, яғни жынысы, жасы, отбасылық жағдайы және этникалық шығу тегі бойынша, сондай-ақ, осы популяцияның туу, өлу және миграция коэффициенттеріндегі өзгеруі тұрғысынан статистикалық зерттеу.^[1]
- Демографиядағы ең басты мәселе – халықтың ұдайы өзгеруін, өсу мөлшерін, дамуын анықтау. Халықтың ұдайы өзгерісі – ұрпақ алмасу, туу мен өлу, яғни табиғи жағдай арқылы жүзеге асады. Белгілі бір аймақтағы халықтың өсу мөлшерінің өзгеруі адамдардың басқа жерлерден көшіп келуі (иммиграция) мен олардың бөтен аймақтарға қоныс аударуына (эмиграция), яғни халықтың көшу-қону қозғалысына да байланысты. Сондай-ақ халық санының өзгеруі адамдардың жасына, отбасы жағдайына, балалар санына немесе білім деңгейіне, мамандығына, әлеуметтік ахуалына орай бір күйден екінші күйге, бір топтан екінші топқа ауысуына тәуелді


Халықтың ұдайы өзгерісі



Кең мағынасында алғанда, халықтың ұдайы өзгерісі дегеніміз оның санының, құрамы мен орналасуының табиғи жағдайларға және миграцияның ықпалына қарай өзгеріп отыруы. Отбасының құрылуы, оның дамуы мен күйреуі демографияда дербес мәнге ие. Демографияда халықтың және оның бөліктерінің өзгеруі тек сан жағынан ғана емес, сонымен қатар сапалық тұрғыдан да қарастырылады. Мыс., белгілі бір жастағы адамдардың санының өзгеруімен қатар олардың тұлғалық дамып-жетілуі, денсаулығындағы өзгерістері де назарға алынады.

Халықтың табиғи қозғалысы

- Халықтың табиғи қозғалысы- халықтың туу және өлім көрсеткіштерінің есебінен сандық өзгерісі. Статистикада халықтың табиғи өсімінің көрсеткіші кеңінен қолданылады, ол арқылы белгілі уақыттағы тірі туылғандар мен өлгендер санының айырмашылығын анықтайды және әрқашан оң жауап алынады (туылғандар саны өлгендерден көп болуы керек). Егер айырмашылық теріс болса, онда ол халықтың табиғи азаю көрсеткіші болады.



Демографиялық күрт өсу

- Демографиялық күрт өсу (Демографический взрыв; грек, demos— халық, grapho — жазамын) — әлеуметтік- экономикалық немесе жалпы экологиялық жағдайлардың жақсаруымен байланысты халық санының күрт өсуі.
- XX ғасырдағы адамзаттың санының жылдам артуын демографиялық жарылыс деп атайды. Соңғы 100 жылдағы өсімге Жердегі қазір өмір сүретін адамдардың 3/4-і сәйкес келеді. Ғасырдың екінші жартысында әр он жыл сайын жылдық өсім шамамен 10 млн-ға артып отырды. 50-жылдары 53,3 млн болса, 60-жылдарда — 66,7 млн, 70-жылдарда — 70,3 млн. 80-жылдарда 86,4 млн адам болды. Адам санының 1 млрд.-тан — 2 млрд.-қа өсуі үшін 107 жыл қажет болса (1820-1927 ж), ол 3 млрд.-қа дейін — 32 жыл (1959 ж). 4 млрд.-қа — 15 жыл (1974), 5 млрд.-қа — 13 жыл (1987), 6 млрд.-қа — 12 жыл (1999), халық санының соңғы рет екі еселенуіне небәрі 38 жыл қажет болды.



```
graph TD; A([Халықтың табиғи қозғалысы]) --- B[Абсолютті көрсеткіштер]; A --- C[Салыстырмалы көрсеткіштер];
```

Халықтың табиғи
қозғалысы

Абсолютті
көрсеткіштер

Салыстырмалы
көрсеткіштер

Абсолюттік көрсеткіш

1. Осы кезеңдегі туылғандар саны(T)
2. Осы кезеңдегі өлгендер саны(Θ)
3. Халықтың табиғи өсім (азаю), осы кезеңдегі өлгендер мен туылғандар санының айырмашылығы ретінде анықталады.
 $EP = P - U$

Салыстырмалы көрсеткіш

- Халықтың қозғалысының көрсеткіштері: туылу көрсеткіші, өлім көрсеткіші, табиғи өсу көрсеткіші, өмір сүру көрсеткіші.
- Өмір сүру көрсеткішінен басқа көрсеткіштердің барлығы промилде өлшенеді, яғни 1000 адамға шаққанда, ал өмір сүру көрсеткіші процентпен өлшенеді.

Туу коэффициенті

- **Туу коэффициенті** - бір жылда тірі туған балалардың жалпы санының халық санына қатынасының промилде демографиялық көрсеткіші. Бөлінгіште бала көтеретін жастағы (әдетте 15 пен 44 жастың арасы) немесе неғұрлым нақты жас топтарындағы әйелдердің саны (туудың арнайы коэффициенттері) болуы мүмкін.

$$K=(N/S)*1000$$

Өлім көрсеткіші

- **Өлім көрсеткіші** (*Letalis* - өлім) - Уақыттың бір бөлігінде белгілі бір аурудан өлген адамның санын сол аурумен ауыратындардың санына қатынасын көрсететін статистикалық көрсеткіш.

- $$K=(M/S)*1000$$

Өмірдің орташа ұзақтығы

Өмірдің орташа ұзақтығы - әр түрлі жайттардың әсеріне байланысты адамдар денсаулығының жалпыланған жай-күйінің белгілі деңгейін көрсететін интегралды көрсеткіш.

Өмірдің орташа ұзақтығын есептеу әдісі белгілі уақыт аралығында өмір сүрген немесе өлген адамдардың санынан тұрады. Өмір сүріп жатқан адамдардың саны туу деңгейімен есептеледі, ал өлген адамдар саны тұрғындар өлімінің көрсеткішінен көрініс табады.

Тұрғындар денсаулығы сынды күрделі түсініктің мәліметтерін түпкілікті сандық сипатқа енгізудің мүмкін еместігін біле тұрсақ та, өлім көрсеткіштері тұрғындар денсаулығының жай-күйіне тікелей және жанама әсер ететін (медициналық-биологиялық, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және т.б.) жайттардың күрделі әсерлері көрініс табатын едәуір дұрыс көрсеткіш болып саналады. Екінші жағынан, мерзімінен бұрын келетін өлімді болдырмау денсаулық сақтаудың негізгі мәселелерінің бірі болып табылады, ол оған қажетті ресурстарға ие. Денсаулық сақтау жүйесі тұрғындар өліміне өзінің іс-әрекетімен ықпал ете отырып, өмірдің орташа ұзақтығына, яғни тұрғындар денсаулығының жай-күйіне әсер етеді. Өлімнің көрсеткіштері аурудың мәліметтерімен салыстыру бойынша көбіне нақтылығымен және дұрыстығымен ерекшеленеді.



Демографиялық статистика (Халық статистикасы) – белгілі бір халықтың санын, құрамын, орналасуын және өзгеріс –қозғаласын немесе оның жекелеген тобын сипаттайтын деректерді жинауға, өңдеуге, баяндауға және талдауға статистикалық тәсіл қолданылатын статистика саласы. Демографиялық статистика халықтың тууын, өлуін, некеге отыруын, бір жерден екінші жерге қоныс аударуын зерттейді. Халықтың саны, оның құрамы мен орналасуы жөнінде ең дәл және егжей-тегжейлі деректерді **халық санағы** береді. Санақ аралығында халықтың саны, оның таптық және жыныстық жасына қарай құрамы арнаулы есептеулер арқылы анықталады. Халықтың тууы, өлуі, некелесуі, ажырасуы жөніндегі деректер АХАЖ (ЗАГС) органындарында, ал, халықтың қоныс аударғандарын милиция органдарында тіркеудің нәтижесінде анықтайды, демографиялық статистика халық санағының принциптерін анықтап, оны әзірлеу мен жүргізуді ұйымдастырады, санақтың бағдарламасын жасап, қорытындысын шығарады, халықтың күнделікті есебін алуды ұйымдастырып, оның қорытындысын талдайды, халықтың саны мен құрамын зерттейді, балалар өлім-жітімінің, халық өсімінің көрсеткіштерін есептеудің, өмір ұзақтығы көрсеткіштерін есептеудің тәсілдерін жасайды. Халық тығыздығының көрсеткішін есептейді. Демографиялық статистиканың кейбір көрсеткіштерінің халық өсуінің келешегін зерттеуде маңызы зор.

Халық өсімі

Біздің еліміздегі еркектер саны басым жерлер-ШҚО,Тарбағатай ауданы(1000 әйелге 1056 еркектен келеді) және жамбыл облысының Мойынқұм ауданы,ал әйелдер саны басым Алматының Алмалық және Әуезов аудандары, сонымен қатар Петропавл, Орал және Талдықорған қалалары. Әйелдер санының басымдылығы Қазақстанның барлық облыстарында, Астана мен Алматыда да байқалады. Оның мөлшері туу дәрежесі жоғары Қызылорда, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында әйелдер мен еркектер санының айырмасы ең үлкен. Біздің елімізде 1000 қыз балаға **1045** ер бала туады және төменгі жастарда ер адамдардың саны басым. Еркектердің үлес салмағы өлудің жоғары дәрежесіне байланысты азайып, жыныстардың арақатынасы теңеледі, енді әйелдер саны көбейе түседі.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы әйелдер саны еркектерден 560 мыңға артық. Олар халықтың 52%-ын құрайды.Орта есеппен алғанда 1000 еркекке 1077 әйелден келеді. Республика әйел саны көп мемлекеттер қатарына жатады.



- Облыстар мен ірі қалаларда **халықтың табиғи өсімі төмен, орташа және жоғары деп үш топқа бөлінеді.** Солтүстік Қазақстан облысының демографиялық жағдайы күрделі. Мұнда аз қамтылған отбасылар аз, сонымен қатар әдетте бала саны аз болып келетін орыстардың, украиндардың және белорустардың үлесі көп. Сондықтан бұл облысқа елдегі ең аз туу ккрсеткіші тән. Ал өлудің ең жоғары деңгейі қартаң адамдардың көп болуымен түсіндіріледі. Дегенмен бұл облыста да өзгерістер байқалуда. Туудың мөлшері көбейіп, өлу біртіндеп азайып келеді. 2005 жылы көп жылдардан кейінгі оң табиғи өсім күтілуде.



Қорытынды:

Сонымен қорыта айтатын болсақ, демографиялық процестер қоғамда қалыптасқан белгілі бір әлеуметтік қарым-қатынастарға негізделеді. Сондықтан халықты зерттеуде демография [саясат](#), [экономика](#), [медицина](#), [математика](#), [этнография](#), т.б. бірқатар ғылымдармен тығыз байланыста болады. Олардың зерттеу әдістері мен тәжірибелерін, материалдарын пайдалана отырып, демография өз тарапынан да өзге ғылымдарға қажетті [деректер](#) береді. Демографиялық процестердің өзіндік ерекшеліктері, көбінесе халықтың табиғи қозғалыстары демографияның өзіндік зерттеу [әдістерін](#) қалыптастыруға негіз болды. Олар: әр түрлі буын өкілдері үшін жас айырымы [көрсеткіштерін](#) жасау арқылы дәл сол уақыттағы даму-күлдырау заңдылықтарын көрсететін гипотетикалық ұрпақ әдісі; [когорт әдісі](#) (адамдардың нақтылы [буынының](#) дамуын зерттеу); потенциалды демография әдісі, т.б. демографияда ғылымның басқа салаларындағыдай болжамдар жасау, оларды деректер арқылы тексеру және соның негізінде ғылым қорытынды жасау қажет. Көбінесе халықтың санын ұйымдастырылған [статистика](#) жолымен есептеу әдісі қолданылады. Сондай-ақ демографиялық [коэффициенттерді](#) пайдалану, оларды салыстыру, салғастыру тәсілдері де демографияның өзіндік зерттеу әдістерінің бірінен саналады. Демография ғылымының негізін салушы – ағылшын ғалымы [Дж. Граунт](#). Ол алғаш рет [Лондондағы](#) тіркелген адам өлімдерінің бірнеше жылдық жазбалары негізінде [халық](#) арасындағы өлудің көрсеткішін жасауға және оның заңдылықтарын анықтауға талпыныс жасаған.

Қолданылған әдебиеттер:

- Социальная гигиена и организация здравоохранения Ю.П.Лисицына. Казань,1999.680 с
- Международная статистическая классификация болезней и проблем, связанных со здоровьем. МКББ-10.Женева
- Здоровье населения Республики Казахстан и деятельность учреждений здравоохранения в 1996 г. Алматы.1997.140 с.
- Статистический обзор по Республике Казахстан Здравоохранение. Алматы.2000.80 с.
- Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару. Биғалиева Р. Қ.,Исмаилов Ш.М..Оқулық. Алматы.2009 г.372б.